

Мәртөк ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 348 "Мәртөк ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № 296 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 қарашада № 7736 болып тіркелді

З Қ А И - д ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 529 бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мәртөк ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 348 "Мәртөк ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6481 тіркелген, 2019 жылғы 25 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Мәртөк аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Мәртөк ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Мәртөк ауданы әкімінің орынбасары И.Еспағанбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәртөк ауданының әкімі

Е. Кенжеханұлы

Мәртөк ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № 296 қаулысымен бекітілген

Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

--	--	--

№	Салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті
Мәртөк ауданы		
Мәртөк ауылдық округі		
1	Мәртөк ауылы	2,7
2	Құмсай ауылы	1,55
3	Қазан ауылы	1,85
Аққұдық ауылдық округі		
4	Достық ауылы	1,75
5	Вознесеновка ауылы	1,75
6	Первомай ауылы	1,35
7	Жаңажол ауылы	1,35
8	Қарабұлақ ауылы	1,35
Байнассай ауылдық округі		
9	Ақмоласай ауылы	1,45
10	Байнассай ауылы	1,75
Байторысай ауылдық округі		
11	Байторысай ауылы	1,75
12	Дмитриевка ауылы	1,7
13	Покровка ауылы	1,6
14	Полтавка ауылы	1,75
Қарашай ауылдық округі		
15	Қаратаусай ауылы	1,75
16	Аққайың ауылы	1,75
Қаратоғай ауылдық округі		
17	Қаратоғай ауылы	1,85
Қызылжар ауылдық округі		
18	Қызылжар ауылы	1,75
19	Бөрте ауылы	1,75
20	Шевченко ауылы	1,75
Құрмансай ауылдық округі		
21	Құрмансай ауылы	1,75
22	Егіз ата ауылы	1,6
23	Шаңды ауылы	1,45
Тәңірберген ауылдық округі		
24	Саржансай ауылы	1,95
25	Кенсахара ауылы	1,95
Родников ауылдық округі		
26	Родников ауылы	2,35
Хазірет ауылдық округі		
27	Хазірет ауылы	1,75
28	Жездібай ауылы	1,25
Сарыжар ауылдық округі		

29	Сарыжар ауылы	2,55
Жайсаң ауылдық округі		
30	Жайсаң ауылы	2,45
31	Көкпекті ауылы	1,35
32	Жаңатаң ауылы	1,25

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК